



050010, Алматы қ., Абай даңғ., 10 В
Тел.: +7 (727) 259 97 10, факс: +7 (727) 250 67 03
E-mail: cc_nur@nurbank.kz / bank@nurbank.kz
www.nurbank.kz

050010, г. Алматы, пр. Абая, 10 В
Тел.: +7 (727) 259 97 10, факс: +7 (727) 250 67 03
E-mail: cc_nur@nurbank.kz / bank@nurbank.kz
www.nurbank.kz

№ 11 / 45304

от 14.11.2019г.

АО «Казахстанская фондовая биржа»

АО «Информационно-учетный центр»
010000, г. Астана, пр. Республики, д.29, тел. (7172) 55-29-81

ЗАЯВКА

Настоящим АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НУРБАНК» (БИН 930940000164, КАЗАХСТАН, А15Е2D3, Алматы г.а., Бостандыкский район, проспект Абая 10 «В», тел: 8(727)250-00-00; 259-97-10, факс: 8(727)250-67-03, e-mail: cc_nur@nurbank.kz, веб-сайт: www.nurbank.kz) направляет текст информационного сообщения «Перспектив выпуск эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений» на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2 Правил раскрытия эмитентом информации, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года № 189.

№	№ п.п.	Показатель / Корсетісін / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
21		Перспектив выпуск эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару перспектісі	
	1	дата государственной регистрации уполномоченным органом проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг или дата регистрации уполномоченным органом изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента эмиссиялық бағалы қағаздар шығару перспектісін уәкілетті органның мемлекеттік тіркеу күні немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспектісіне өзгерістер не толықтыруларды уәкілетті органның тіркеу күні	13.11.2019
	2	сканированный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированного уполномоченным органом эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспектісінің уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
	3	сканированный вариант изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированных уполномоченным органом эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулардың уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
	4	электронный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспектісінің оған енгізілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары ескерілген электрондық нұсқасы	Электронный вариант (с учетом изменений) проспекта выпуска ЦБ
При получении эмитентом от уполномоченного органа в течение одного рабочего дня нескольких зарегистрированных изменений и дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента допускается предоставление информации посредством представления эмитентом одной заявки, содержащей информацию по нескольким таким изменениям и дополнениям в проспект.			
Эмитент бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органның эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспектісіне бірнеше өзгерістер мен толықтырулар алған жағдайда, эмитенттің проспектіге енгізілген осындай бірнеше өзгерістер мен толықтырулар бойынша ақпаратты қамтитын бір өтінім ұсынуы арқылы ақпарат беруіне рұқсат етіледі.			

Финансовый директор  Жақанбаев Р.С.

Исп. Салкенова Тауяна Казиевна
Тел. 8(727) 2-599-710, вн.: 5692

152066

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Департамент/Басқарма **Бағалы қағаздар
нарығы департаменті**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

13.11.2019 № 40-4-06/1510

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Департамент/Управление **Департамент
рынка ценных бумаг**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

АО «Нурбанк»

050010, г. Алматы,
пр. Абая, 10 В
Тел. 2506703

**О регистрации изменений в проспект
выпуска облигаций в пределах
облигационной программы**

Национальный Банк Республики Казахстан, на основании пункта 7 статьи 12 Закона о РЦБ¹ и пункта 27 приложения 1 к Постановлению № 248² произвел регистрацию изменений в проспект четвертого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы (Е75-4) (далее – Облигации) АО «Нурбанк» в связи с изменением срока обращения Облигаций и направляет свидетельство о государственной регистрации выпуска Облигаций, один экземпляр изменений в проспект выпуска Облигаций.

Дополнительно напоминаем о требованиях, установленных статьей 102 Закона о РЦБ¹ и Постановлением №189³.

Директор Департамента

Е. Медеу


Исп.: Абишева Д.Д., 2 788 088

¹ Закон Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг»

² Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 октября 2018 года №248 «Об утверждении Правил государственной регистрации выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы), регистрации изменений и (или) дополнений в проспект выпуска негосударственных облигаций (проспект облигационной программы), представления и рассмотрения уведомления об итогах погашения негосударственных облигаций, аннулирования выпуска негосударственных облигаций. Требований к документам для государственной регистрации выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы), регистрации изменений и (или) дополнений в проспект выпуска негосударственных облигаций (проспект облигационной программы), рассмотрения уведомления об итогах погашения негосударственных облигаций. Перечня документов для аннулирования выпуска негосударственных облигаций и требований к ним, Правил составления и оформления проспекта выпуска негосударственных облигаций (проспекта облигационной программы), изменений и (или) дополнений в проспект выпуска негосударственных облигаций (проспект облигационной программы), уведомления об итогах погашения негосударственных облигаций»

³ Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года № 189 «Об утверждении Правил раскрытия эмитентом информации. Требований к содержанию информации, подлежащей раскрытию эмитентом, а также сроков раскрытия эмитентом информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности»

№ 0085839





**Облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар
шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2019 жылғы 13 қараша

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бизнес сәйкестендіру нөмірі 930940000164 болып тіркелген «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10В) екінші облигациялық бағдарламасының шегінде облигациялардың төртінші шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым KZ2C00005700 (ISIN коды) халықаралық сәйкестендіру нөмірі берілген 100 000 000 (бір жүз миллион) камтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген.

Бір облигацияның номиналдық құны – 100 (бір жүз) теңге.

Облигациялардың шығарылым көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге.

Куәлік облигациялардың айналыс мерзімінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды.

Төрағанын орынбасары



Е. Біртанов

Серия С

№ 0000054



СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска облигаций
в пределах облигационной программы

19 ноября 2019 года

город Алматы

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию четвертого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы Акционерного общества «Нурбанк» (Республика Казахстан, г. Алматы, проспект Абая, 10В) зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 930940000164.

Выпуск разделен на 100 000 000 (сто миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00005700.

Номинальная стоимость одной облигации 100 (сто) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 10 000 000 000 (десять миллиардов) тенге.

Свидетельство заменено в связи с изменением срока обращения облигаций.

Заместитель Председателя



Е. Биртанов

Серия С

№ 0000054



**«Нұрбанк» Акционерлік қоғамы
(«Нұрбанк» АҚ)**

**Облигациялық бағдарлама шеңберінде
мемлекеттік емес обликацияларды шығару
анықтамалығына
№1 өзгертулер мен (немесе) толықтырулар**

Эмитенттің лауазымды тұлғалары мемлекеттік емес облигацияларды шығару анықтамалығына (облигациялық бағдарламаның, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы) осы өзгертулер мен (немесе) толықтыруларда көрсетілген барлық ақпарат сенімді және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

2018 жылдың 14 желтоқсанда тіркелген «Нұрбанк» АҚ-ның екінші облигациялық бағдарламасы шеңберіндегі төртінші облигациялар шығарылымы анықтамалығына (бұдан әрі – Анықтамалық) келесі өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілсін:

1) *Анықтамалықтың «Облигациялар бойынша сыйақы:» деп аталатын 3-тармағының 5)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін – тіркелген, Облигациялардың номиналды құнынан жылдығы 11% (он бір пайыз).

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін – тіркелген, және осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін өткізілген облигацияларды орналастыру/сату бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша анықталады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күндері

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін - облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу облигациялар айналымы басталған күннен бастап әр алты ай сайын, жылына екі рет жүргізілетін болады.

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін - облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу өтеу мерзіміне дейін жыл сайын, осы Анықтамалыққа №1 өзгертулер мен (немесе) толықтырулардан кейін өткізілген облигацияларды орналастыру/сату бойынша бірінші сауда-саттық өткізілген күннен бастап, әр алты ай сайын, жылына екі рет жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін – облигациялардың айналымы басталған күннен бастап.

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін – өтеу мерзіміне дейін жыл сайын, осы Анықтамалыққа №1 өзгертулер мен (немесе) толықтырулардан кейін өткізілген облигацияларды орналастыру/сату бойынша бірінші сауда-саттық өткізілген күннен бастап.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеудің тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу әдісі

Облигациялар бойынша сыйақы бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізетін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан жердің уақыты бойынша, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша (бұдан әрі – тіркеу күні) облигацияларды ұстаушылардың реестріне енгізілген тұлғаларға төленеді төленеді.

Купонды сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны теңгемен аудару арқылы, төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын (номиналды құны) төлеуімен бір уақытта жүргізіледі.

Сыйақы осы Анықтамалықтың 3-тармағының 10)-тармақшасына сәйкес төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақы облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі мен купонды есептеу кезеңіндегі меншік күндерінің 360-қа бөлінетін саны (айына 30 күн негізінде) ретінде есептеледі.

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі

Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) уақыт базасы қолданылады.»;

- 2) *Анықтамалықтың «Облигациялар бойынша номиналды құнның валютасы, негізгі борыш және(немесе) есептелген сыйақы бойынша төлемнің валютасы» деп аталатын 3-тармағының б)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Номиналды құн валютасы – теңге.

Барлық төлемдерді (сыйақы мен негізгі қарыз сомасының төлемдері) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) - облигациялардың номиналды құнының, сондай-ақ облигациялар бойынша, оның ішінде негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлемдердің валютасы болып табылады.

Эмитент облигациялар бойынша барлық төлемдерді, оның ішінде сыйақы мен негізгі қарыз сомасы төлемдерін, ақшаны теңгемен облигацияларды ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелер бойынша облигация ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы теңгемен төлейді.

Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, төлем Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған жағдайда, облигация ұстаушылардың реестрінде көрсетілген деректемелер бойынша облигация ұстаушының банктік шотына теңгемен жүргізіледі. Эмитент тиісті төлем жасалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облигация ұстаушысы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда, төлем жүргізу кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Аталған ақша айырбастау төлем жасалатын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүзеге асырылады. Ақша айырбастау кезінде туындаған Эмитенттің шығындары облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылатын сомадан алынады.

Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының резиденттерінің пайдасына облигациялар бойынша төлем жасау кезінде теңгенің басқа валютаға айырбасталуына жол берілмейді.»;

- 3) *Анықтамалықтың «Облигациялар айналымының басталған күні Облигациялар айналымының мерзімі» деп аталатын 3-тармағының 8)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигацияларды оның ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн айналыстың басталу күні болып табылады.

Облигациялардың айналыс мерзімі – осы Анықтамалыққа №1 өзгертулер мен (немесе) толықтырулардан кейін алғашқы сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жыл.»;

- 4) *Анықтамалықтың «Облигациялар айналымын жүргізу жоспарланып отырған нарық» деп аталатын 3-тармағының 9)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигациялар айналымы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қамтамасыз етілген.»;

- 5) *Анықтамалықтың «орналастырылатын Облигацияларды төлеу әдісі» деп аталатын 3-тармағының 10)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигацияларды орналастыру кезінде облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ есеп айырысу әдістері «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.»

»;

б) *Анықтамалықтың «Облигацияларды өтеу тәртібі» деп аталатын 3-тармағының 11)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигацияларды өтеудің басталу күні – облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күн.

Облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы төлем жүргізілетін соңғы кезең үшін біржолғы сыйақы төлеумен теңгемен номиналды күн бойынша айналыс мерзімінің соңында өтеледі.

Төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша облигацияларды ұстаушылардың реестрінде тіркелген тұлғалар (бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізетін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан жердің уақыты бойынша) төлем жүргізілетін соңғы кезең үшін негізгі қарызды және сыйақы (купон) алуға құқылы.

Барлық төлемдер осы Анықтамалықтың 3-тармағының 10)-тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Облигацияларды өтеуді Эмитент дербес қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүргізеді.»;

7) *Анықтамалықтың «осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі» деп аталатын 3-тармағының 12)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Директорлар кеңесінің шешімі бойынша эмитент облигациялардың айналыста болу мерзімінің кез-келген уақытта облигацияларды сатып алуға құқылы. Орналастырылған облигацияларды сатып алу, осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін, осы облигацияларды орналастырудың/сатудың орташа алынған кірістілігі бойынша жүзеге асырылады.

Сатып алынған облигациялар өтелген деп есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алынған облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың айналымының бүкіл кезеңінде бағалы қағаздар нарығында сатуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзімнің ішінде, ал олар болмаған жағдайда – эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл факті жөнінде эмитенттің ресми сайты (www.nurbank.kz) мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерімен қоса облигация ұстаушыларының болжалды әрекеттер тізімін көрсете отырып облигация ұстаушыларын хабардар етеді.

Барлық төлемдер осы Анықтамалықтың 3-тармағының 10)-тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

8) Анықтамалықтың «Эмитенттің сатып алу жөніндегі талап ету құқығы» деп аталатын 9-тармағының 2)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес және осы анықтамалықта көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Облигация ұстаушыларына ковенанттардың (шектеулердің) бұзылуы туралы хабарлау

Эмитент, сатып алу себебі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларын облигацияларды сатып алу туралы хабарлар ету мақсатында «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (dfo.kz) ресми сайттарында жариялау үшін жазбаша хабарлама береді, оның ішінде:

- көрсетілген оқиғалардың қайсысы Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетіні туралы ақпарат;
- облигацияларды ұстаушылардың олардың талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін әрекеттерінің тізімі, оның ішінде Эмитентке шағымды қарау тәртібі мен шарттары.

Облигация ұстаушылары үшін облигацияларды сатып алу құқығы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көзделген жағдайлар басталғанда және осы Анықтамалықта көзделген өзге де ережелер (шектеулер) бұзылған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің ақпараттық хабарламасы алғашқы жарияланған күнінен кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитентке жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, немесе көлемінің үлкендігіне қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, номиналды құнына сәйкес бағамен облигацияларды сатып алуға жазбаша өтініш беру арқылы олардың облигацияларының барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигация ұстаушылардың әрекеттерінің тәртібі

Облигация ұстаушылары барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, жоғарыда көрсетілген мерзімде еркін нысанда облигацияларды сатып алуға өтінім береді - заңды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың нөмірі, берілген күні және берген орган, заңды мекенжайы, нақты орналасқан жері, байланыс телефондары, банктік деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган, тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

Банктің облигацияларды сатып алуы үшін қажетті шарттар

Облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау аяқталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитент осындай шешім қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жекелеген хабарламалар жіберу немесе облигацияларды сатып алудың бағасын, мерзімін, көлемін қоса, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында жариялау үшін жазбаша хабарлама жіберу арқылы облигацияларды сатып алуға өтінім берген облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Банк сатып алу өтінімінде барлық қажетті деректемелер көрсетілген жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде сатып алуды талап ету құқығын пайдаланған ұстаушылардың облигацияларын сатып алады.

Банкке облигацияларды сатып алуға берілген барлық өтінімдерді бір уақытта қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алу осы тармақта көрсетілген мерзімнің шегінде берілген өтінімдердің кезектілігі бойынша жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкелмеуі тиіс. Ұстаушылары оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінімдер бермеген облигациялар осы Анықтамалықта белгіленген тәртіппен облигациялардың айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін өтеледі.

Сатып алынған облигациялар өтелген деп есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алынған облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың айналымының бүкіл кезеңі ішінде бағалы қағаздар рыногында сатуға құқылы.

Барлық облигацияларды Эмитент бағалы қағаздардың қайталама рыногында сатып алған болса, облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған. Облигация ұстаушылары осы Анықтамалықта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жағдайларда, Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу туралы талап қоюға құқығы жоқ.

Барлық төлемдерді Эмитент Анықтамалықтың 3-тармағының 10)-тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылады.»;

9) *Анықтамалықтың «Дефолт туындаған уақытта эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар туралы мәліметтер» деп аталатын 10-тармағының 1)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:*

«Облигациялар бойынша дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Осы Анықтамалықта белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу мерзімі аяқталғаннан күннен кейінгі күннен бастап, купондық сыйақыны және/немесе оларды өтеу кезіндегі облигациялардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлемеу немесе ішінара төлемеу Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайлары болып табылады. Егер осы мерзім аяқталғаннан кейін Эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигацияларды ұстаушылардың барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Эмитенттің Облигацияларды шығару анықтамалығында белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық емес төлем Банктің сыйақы және/немесе номиналды құнды төлем жүргізуге мүмкіндік бермейтін, облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарының дұрыс емес немесе толық емес деректемелерін Эмитенттің алуының, немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке Қазақстан Республикасының заңнамасында және онымен жасалған келісімшартта белгіленген тәртіппен мерзімде облигацияларды ұстаушылардың реестрін бермеудің сондай-ақ Банк үшін еңсерілмейтін жағдайлардың басталуының нәтижесінде болса.

Егер осындай орындамау еңсерілмейтін жағдайлардың салдары болса, Эмитент осы Анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін жағдайлар олардың басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайларды (табиғи құбылыстар, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.)

білдіреді. Еңсерілмейтін жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің Анықтамалық бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары болатын уақыт кезеңіне сәйкес жылжытылады.»;

10) Анықтамалықтың «Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісініше орындалмаған кезде Эмитент облигация ұстаушыларының құқығын қорғау жосықтарын қоса, қолданылатын шаралар» деп аталатын 10-тармағының 2)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«

– Эмитенттің кінәсінен сыйақы және/немесе негізгі қарызды төлеу бойынша облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе уақтылы орындамаған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға кешіктірілген әр күн үшін орындалмаған міндеттеменің сомасына, ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі негізінде есептелетін (яғни төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) өсімақы есептейді және төлейді.

– Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Банк дефолт себептерін жоюға және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.

– Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент қолданатын шараларға кез келген қайта құру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттер кіреді.

– Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім келіссөздер жүргізу арқылы облигация ұстаушыларымен ескеріледі.»;

11) Анықтамалықтың «дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің Облигация ұстаушыларының назарына жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдістері» деп аталатын 10-тармағының 3)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«Банк облигация ұстаушыларды осы Анықтамалықта қарастырылған шарттарда міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туралы хабардар ету мақсатында облигацияларды шығару анықтамалығында белгіленген міндеттемелерді орындау күніне дейін үш жұмыс күні бұрын мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (dfo.kz) ресми сайттарында жариялау үшін келесідей ақпараты бар хабарлама береді:

- дефолт фактісі туралы;
- облигациялардың параметрлері;
- сыйақы және/немесе облигацияның номиналды құны төленетін күн;
- дефолт күніне Банктің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі туралы;
- міндеттемелердің орындалмау себептері туралы;
- облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі, оның ішінде Банкке талап қоюмен жүгіну тәртібі мен мерзімдері туралы;
- Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Банк аталған ақпаратты ашуды дербес іске асырады.

Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда облигация ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Анықтамалықта және Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.»;

12) Анықтамалықтың «*Банк қабылдаған шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімімен қарастырылған болса). Шектеулер (ковенанттар) орын алған жағдайда эмитент пен облигация ұстаушысы іс-әрекеттерінің тәртібі*» деп аталатын 11-тармағының тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«Ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

1) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листингтік келісімшартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;

2) бұндай есептерді аудиторлық компанияның Банкке берудің мерзімдерін бұзу жағдайларын қоспағанда, Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листингтік келісімшартта белгіленген Банктің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімдерін бұзуға жол бермеуге.

Банк облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ковенанттардың (шектеулердің) бұзылуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.

Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитент пен облигация ұстаушылардың әрекеттерінің тәртібі осы Анықтамалықтың 9-тармағында белгіленген.»;



13) Анықтамалықтың «*Эмитенттің Облигациялар орналастырудан алатын ақшасын пайдалану шарттары мен тәртібі;*» деп аталатын 14-тармағының 1)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін – облигациялар шығарудың негізгі мақсаты Банктің қорландыру базасын ұлғайту және әртараптандыру болып табылады. Сонымен қатар, экономиканың нақты секторын кредиттеуге қаражат бөлу, сонымен қатар бөлшек сауда бизнесінің бағдарламаларын дамыту.

Осы Анықтамалыққа №1 өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін – облигацияларды орналастырудан Банк алған ақша қызметін өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде іске асыратын жеке кәсіпкерліктің субъектілерін кредиттеуге бағытталатын болады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес). Облигацияларды орналастырудан түскен ақшалай қаражат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын сатып алуға жұмсалмайды.»;

14) Анықтаманың 1-Қосымшасы осы №1 өзгертулер мен (немесе) толықтырулардың 1-Қосымшасына сәйкес редакцияда баяндалсын.

Басқарма төрағасы


 Э. Сарсенов

Облигациялық бағдарлама шеңберінде мемлекеттік емес облигацияларды шығару анықтамалығына №1 өзгертулер мен (немесе) толықтыруларға
1-Қосымша

«1-Қосымша

2019–2027 жылдарға эмитенттің ақшалай қаражат ағындарының болжамы (мың теңге)

р №	Атауы	01.10.2019 күнге	2019 жыл	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
			II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық
1	БҚ қоржыны (өтеу/сату)		17 713 867	17 219 064	11 152 011	1 602 663	0	0	464 298
2	БҚ, Банк шығарған		10 000 000	10 000 000	20 000 000	0	14 000 000	10 000 000	0
3	Клиенттердің тартылған қаржысы		35 723 184	28 138 762	28 138 762	44 860 759	44 860 759	59 038 577	59 038 577
4	Несиелік қоржын (өтеу)		17 681 148	10 166 660	10 166 660	11 183 326	11 183 326	12 301 658	12 301 658
5	Кред. мекемелердің тартылған қаржысы		0	0	1 700 000	0	2 700 000	2 000 000	0
